



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
2014 жылғы 21 қаңтардағы  
№ 1 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

**Мемлекет басшысының Қазақстан халқына 2014 жылғы  
17 қаңтардағы Жолдауы бойынша**

2014 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауымен сөз сөйледі.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауын іске асыру үшін Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының жобасы әзірленді. Ұлттық Банк оған Мемлекет басшысы жүктеген міндеттер мен тапсырмаларды орындауға және іске асыруға кірісуге дайын.

Ұлттық Банк:

– 2014 жылы экономиканың өсуін 6-7% деңгейінде қамтамасыз ету, ЖІӨ-ді жан басына шаққанда кемінде 14,5 мың АҚШ долл. жеткізу бойынша жауапты орындаушылардың қатарында;

Сонымен қатар мынадай тапсырмалар бойынша жауапты орындаушы болып табылады:

– инфляцияны орташа мерзімді перспективада жылына 3-4%-ға дейін төмендету бойынша шаралар кешенін әзірлеу;

– Қаржы секторын 2030 жылға дейін дамытудың тұжырымдамасын әзірлеу.

**Валюталық саясат бойынша**

Ұлттық Банк ұлттық валютаның айырбастау бағамына қатысты бұрынғы саясатын жүргізуін жалғастырады. Валюта нарығындағы интервенциялар нарықтық алғышарттарға негізделген жалпы үрдістің қалыптасуына әсер етпестен, теңгенің айырбастау бағамының күрт ауытқуларын реттеу мақсатында жүргізілетін болады.

Қазақстандағы оңтайлы сыртқы экономикалық конъюнктура және тұрақты макроэкономикалық жағдайларда теңгенің құнсыздануына себептер жоқ. Бұл ретте қазіргі уақытта байқалып отырған теңгенің айырбастау бағамы ағымдағы экономикалық жағдайларға барабар шектегі үрдіс шеңберінде аздап түзетілуде.

Қазіргі уақытта валюта нарығындағы ахуал тұрақты болып қалуда және Ұлттық Банктің тарапынан тұрақты мониторинг жүргізілуде.